

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы қыркүйектегі "Орман шаруашылығы мемлекеттік мекемелерінің қаражатын құрау және пайдалану ережесін бекіту туралы" N 1003 қаулысын жүзеге асыру туралы

Күшін жойған

Жамбыл облысының әкімиятының 2004 жылғы 27 тамызда N 226 Қаулысы. Жамбыл облыстық Әділет департаментінде 2004 жылғы 24 қыркүйекте 1448 нөмірімен тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы әкімдігінің 2025 жылғы 27 ақпандағы № 42 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облысы әкімдігінің 27.02.2025 № 42 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Орман шаруашылығы мемлекеттік мекемелерінің материалдық техникалық базасын нығайту, қаржылық жағдайын жақсарту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 30 қыркүйектегі "Орман шаруашылығы мемлекеттік мекемелерінің қаражатын құрау және пайдалану ережесін бекіту туралы" N 1003 қаулысын жүзеге асыру мақсатында, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңы негізінде облыс әкімияты **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Орман шаруашылығы мемлекеттік мекемелерінің көрсететін қызметтері үшін төлемдер (тарифтер) белгіленсін:

1) 1 қосымшаға сәйкес елді мекендерді көгалдандыру үшін отырғызылатын материалдарды өсіру және орман тұқымдарын жинау, көгалдандыратын, қорғайтын, плантациялық және өзге де желектерді жасау;

2) 2 қосымшаға сәйкес аралық пайдалану кесулерден және өзге де кесулерден алынатын тауарларды өткізу, соның ішінде халықты отынмен қамтамасыз ету, жанама орман пайдалану;

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Жамбыл облысы әкімиятының 2007 жылғы 28 желтоқсандағы N 317 қаулысымен;

Ескерту. 2-тармақ алынып тасталды - Жамбыл облысы әкімиятының 2007 жылғы 28 желтоқсандағы N 317 қаулысымен;

2. "Жамбыл облысы әкімиятының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу департаменті" мемлекеттік мекемесіне орман шаруашылығы мемлекеттік мекемесі қаржысын құрауын және пайдалануын ұйымдастырсын және түсетін табыстарды дұрыс есепке алуды қамтамасыз ете отырып, олардың мақсатты пайдалануға бақылау орнатылсын.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - Жамбыл облысы әкімиятының 2007 жылғы 28 желтоқсандағы N 317 қаулысымен;

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс Әкімінің орынбасары Е.Ө. Үсенбаевқа жүктелсін.

Облыс Әкімі

Б.Б. Жексембин

Облыс әкімиятының
2004 жылғы "27" тамыз N
226
Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2003 жылғы 30
қыркүйектегі "Орман
шаруашылығы
мемлекеттік
мекемелерінің
қаражатын құрау және
пайдалану
ережесін бекіту туралы"
N 1003 қаулысын
жүзеге асыру туралы"
қаулысына
1 қосымша

Орман шаруашылығы мемлекеттік мекемелерінің елді мекендерді көгалдандыру үшін отырғызылатын материалдарды өсіру және орман тұқымдарын жинау, көгалдандыратын, қорғайтын, плантациялық және өзге де желектерді жасау бойынша ақылы қызметтерінің тізбесі

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Жамбыл облысы әкімиятының 2007 жылғы 28 желтоқсандағы N 317 қаулысымен.

N	Қызметтердің аталуы	Өлшем бірлігі	Сомасы (теңге)
1	2	3	4
1	Учаскені механикалық жолмен тегістеу	мың шаршы метр	5315,0
2	Механикалық жолмен жер жырту	гектар	3831,0
3	Тұқымды қолмен себу	гектар	10773,0
4	Екпелерді қазу және сорттау	мың дана	985,0
5	Бұталарды дайындау	мың дана	3920,0

6	Екпелер мен қаламшаларды қолмен егу	мың дана	2926,0
7	Екпелер айналасындағы топырақты қолмен қопсыту	мың дана	2698,0
8	Суғару атыздарын тілу (0,6 метр - 0,9 метр)	гектар	1728,0
9	Атыздар бойымен қолмен суғару (1200 текше метр/гектар)	гектар	13410,0
10	Қоршау үшін ағаш сүйеулерді орнату	дана	618,0
11	Темір торлардан қоршау орнату	метр	1055,0
12	Темір торлардан бөлшектер бекіту	дана	30,0
13	Орман тұқымдарын жинау	килограмм	343,0
14	Жерді қайталап жырту	гектар	2484,0
15	Топырақты тырмалау, дискілеу, культивациялау	гектар	1278,0
16	Қысқа мерзімге көму және отырғызуға дайындау: - екпелерді - көшеттерді	мың дана мың дана	228,0 7144,0
17	Іліп қою арқылы егілетін қатарлардың бағытын белгілеу	шақырым	249,0
18	Алқапты өлшеп, белгілеу	гектар	2620,0
19	Көшеттерді қолмен отырғызу	дана	17,0

20	Ағаш отырғызу көліктерімен екпелерді егу	шақырым	1565,0
21	Ағаш отырғызу көліктерімен көшеттерді егу	шақырым	1920,0
22	Механикалық жолмен шұңқырды қазу: көлемі (0,3 метр х 0,3 метр) көлемі (0,6 метр х 0,6 метр)	дана дана	28,0 33,0
23	Шұңқырды қолмен қазу: көлемі (0,3 метр х 0,3 метр) көлемі (0,6 метр х 0,6 метр)	дана дана	6,0 38,0
24	Алаңқай топырағын қолмен дайындау	шаршы метр	36,0
25	Орман екпелерін механикалық жолмен күтім жасау, культивациялау, дискілеу	шақырым	400,0
26	Қатар аралықтарын жырту	шақырым	466,0
27	Діңгек түптеріндегі шұңқырларды қопсыту	мың дана	5947,0
28	Құмдақ топырақты бір мезгілде дайындау арқылы сексеуіл екпелерін механикалық жолмен отырғызу	шақырым	2597,0
29	Алдын-ала топырақты дайындау арқылы		749,0

	механикалық жолмен сексеуілді себу	шақырым	
30	Атыздар бойымен орман екпелерін суғару (1500 текше метр)	гектар	3399,0
31	Орман екпелерін дiңгек түптері бойымен суғару	гектар	7311,0
32	Уақытша су жүретін арықтарды қолмен дұрыстау, тазалау	шақырым	2945,0
33	Суғару атыздарын тілу (3,5 метр 4,0 метр)	гектар	1971,0
		Облыс әкімиятының 2004 жылғы "27" тамыз N 226 Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 30 қыркүйектегі "Орман шаруашылығы мемлекеттік мекемелерінің қаражатын құрау және пайдалану ережесін бекіту туралы" N 1003 қаулысын жүзеге асыру туралы" қаулысына 2 қосымша	

Орман шаруашылығы мемлекеттік мекемелерінің аралық пайдалану кесулерден және өзге де кесулерден алынатын тауарларды өткізу, соның ішінде халықты отынмен қамтамасыз ету, жанама орман пайдалану бойынша ақылы қызметтерінің тізбесі

Ескерту. 2-қосыммша жаңа редакцияда - Жамбыл облысы әкімиятының 2007 жылғы 28 желтоқсандағы N 317 қаулысымен.

N	Қызметтердің аталуы	Өлшем бірлігі	Сомасы (теңге)
1	2	3	4
1	Аралық пайдалану мақсатында және өзге де мақсаттарда ағаш кесу, соның ішінде халықты отынмен қамтамасыз ету:		
	- сексеуіл	тығыздық текше метр	нарықтық бағамен
	- қарағаш, жиде, терек, үйеңкі	тығыздық текше метр	нарықтық бағамен
	- жүзген, жыңғыл, баялыш	тығыздық текше метр	нарықтық бағамен

2	Жанама орман пайдалану :		
	- шөп шабу, мал жаю	гектар	нарықтық бағамен
	- дәрілік өсімдіктер мен техникалық шикізаттардың дайындау және жинау	килограмм	нарықтық бағамен

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ